

Қасиетті Шет өңірі от ауызды, орақ тілді ақындар мен шешендердің, дәулескер күйшілерді, ғалымдарды өмірге әкелген киелі мекен. Халқының мерейі үшін тұла бойынданы Тәңір сыйлаған дара дарынын ірікпей жұмсаған адамды елі емірене "ұлым" деп жүрегінің мерейіне бөлейді, қадірлейді, қастер тұтады. Ауылдастары біздің өңірдің азаматы деп мақтан тұтады, әрі ісіне тілеулес болып отырады.

Иә, халқына қалаулы, еліне елеулі бола білген жан, ауданымыздың тумасы Ақылбаев Жамбыл Сеулебекұлы.

Есімін елі қастерлейтін қадірлі жанның өлімі де қастерлі болыпты-ау. Асылы, өмірдің мұрат екендігі, өлімнің ақиқат екендігі мәлім ғой. Өмірге келу ғана емес, одан кету де бар.

Осыдан аттай 10 жыл бұрын кіндік қаны тамған туған жеріне келіп, аудандық газеттің 70 жылдық мерекесінде сахнаға қойылған мінберге сөйлеуге әдеттегі сабырлы қалпымен Жамбыл ағамыз шықты. Сөз



тізгінін ағытып, асыл ойларымен бөлісті. Ерекше шабыттана сөйледі. Сонда кең зал іші сілтідей тынып, өздері қадір тұтқан азаматтың әрбір сөзін зер сала тыңдап еді.

Туған жерге деген сүйіспеншілікке толы, ұлағатты сөздерін тәмамдай келе, зал толған жұртының көз алдында бақиға аттанып жүре берді...

Міне, содан бері 10 жыл өтіпті. Біздің газеттің 80 жыл-

дығы аталып өтті. Тәңірінің жазуына адам пенде не айта алушы еді. Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді деген.

Жамбыл Сеулебекұлы өзінің саналы ғұмырымен шынайы басшының, даңғайыр ғалымның, шебер ұйымдастырушының қандай болуы керектігін делелдеп, үлгі етіп қалдырды. Халқы да өзінің қалаулысын қастер тұтып, аудан орталығындағы алдыңғы қатарлы оқу орнына есімін беріп, сол мектептің үлкен бір бөлмесінен музей ашып, алған орден-медальдарын, бағалы сыйлықтарын тағы басқа да заттарын құнды жәдігер ретінде қойды. Бүгінде ол аудан тұрғындары қастерлейтін киелі орынға айналып та үлгерді.

Абзал азаматтың, халқы қастерлеген жанның асқақ тұлғасы, кісілік келбеті, ғылыми мұрасы, кесек ой-пікірлері жарқыраған жұлдыздай халқының жүрегінде ұзақ жасай бермек.

Аудандық газет.

Шет шұғыласы.- 2017.- 24 қараша (№47).- 3 б.